

ӘЛИХАННЫҢ АРМАНЫ

Тоқырауын топырағы иісі Алаш жұртына ортақ тұлғаларды тудырған қасиетті өңір. Ұлылық ұйған ұлттық болмысымыз бен қазақы әдет-ғұрпымыздың мәйегі сақталған Ақтоғай жері киелі, елі текті.

Әрдайым мұратына жетер халық, Қашанда осы шындық, көкей қанық. Оралды үш арысым өз халқына, Ермеков, Ақбайұлы, Бөкейханов – деп жырлаған екен ақын Жеңіс Қашқынов. Еліміз тәуелсіздік алғалы өткен тарихымызды саралап, арманда өткен арыстарымызды жарыққа шығаруа қол жетті. Олар патшалы Ресей "бұратана" деп кемсіткен халқының тағдырына араша түсіп, өз өмірлерін қиған аяулы тұлғалар еді.

XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси өмірі мен оның жалпыұлттық деңгейге көтерілуіне жоғарыда аталған үш арыс, оның ішінде әсіресе Ә.Бөкейхан зор еңбек сіңірді. Ә.Бөкейханның арманы мен мұраттарынан тұратын бес ұстанымы болды (Т.Ж.). Біріншісі – Алаш ұлттық-демократиялық мемлекет болуы тиіс. Ол үшін ең алдымен жер болуы тиіс. Жерсіз Отан жоқ. Осы мақсатта 1917 жылы Қазан төңкерісінен кейін Алаштың тағы бір арысы Әлімхан Ермековпен бірге Әлихан қазақтың мемлекеттік шекарасы және қазіргі территориясының сақталуы жолында күрес жүргізді. Әлекең қазақтың байырғы жерін қашан қазақтың өзі ғылым мен техникаға сүйеніп, толық игермейінше, жер жеке меншікке, қоныс аударушыларға берілмеуі тиіс деген. Екінші ұстанымы – Алаш жерінің астындағы, үстіндегі, көгіндегі барлық байлық қазақтың өзіне қызмет етуі тиіс. Осы мақсатқа ұлы тұлға өз өмірін арнады. Үшінші ұстанымы – қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып тоқылып килуі керек. Ондағы ойы қазақтың ешкімге экономикалық жағынан тәуелді болмауын көксегені еді. Төртінші ұстанымы – қазақ мемлекетінде

мемлекет құрушы ұлттың тілі, діні, ділі өзге ұлттарға қарағанда үстем болуы керек деген. Осындай ойлы тұлғаны патша өкіметінің "бүкіл қазақ өлкесіне ықпал ететін, дала өлкесіндегі діни-саяси көсем" деп мойындағанының көрінісі болды. Бесінші, ең негізгі ұстанымы – ғылымға, соның ішінде тәуелсіз ғылымға, ұлттық дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, ұлттық-демократиялық мемлекет құрылуы керек дейді. Ә.Бөкейханның ойын басқа ұлт зиялылары қолдап: "Ұлттық автономия жариялаудан басқа жол жоқ, саяси тұрақсыздық жағдайында тек біртұтас ұлттық мемлекеттік құрылым ғана қазақ елін апаттан құтқарып, бостандық жолына алып шығады" – деген тұжырымға келеді.

Ұлы Қазан төңкерісінің аласапыранында Ә.Бөкейхан өз соңына даланың интеллектуалдық тұрғыдан неғұрлым әзірлігі мол негізгі бұқарасын ілестіре алды. "Автономия, бізге керекті автономия!" – деп мемлекет құрып алуды армандады. Ә.Бөкейхан 1918 жылы сәуірдің 2-сі күні Семейден тікелей байланыс желісі арқылы В.И.Ленинмен және сол кездегі Ұлт істері халық комиссары И.В.Сталинмен сөйлеседі. Ленин мен Сталин телеграмма арқылы төмендегідей жауап қайырады: "Әр халықтың өз билігін өзіне береміз. Жалғыз-ақ кеңес өкіметін танысаңыздар, қазақтың қамқорлары тезінен комиссиясын жасап, автономиясын жария қылуға асығар деп білеміз". Міне, осы әңгіме 70 жылдай уақыт өткен соң 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы кезінде қазақ жастарының негізгі мақсатына айналды. Осы мәселелер XX ғасырдың соңында 90-шы жылдары Қазақстан жаңа тәуелсіздігін алып жатқанда күн тәртібіне қайтадан қойылды.

"Қазақты автономия қылсақ, "Қараөткел" Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың ұлқызын оқытсақ, "Қозы Көрпеш-

Баянды" шығарған, Шоқан, Абай, Ахмет, Міржақыпты дүниеге келтірген қазақтың кім екенін Еуропа білер еді-ау", – дейді Әлекең. Яғни қазақты әлемдік өркениетке егемен мемлекет ретінде таныстыруды да армандайды.

Әлихан Бөкейханның "Қараөткел" – Алаштың ортасы" – деп отырғаны қазіргі Астана – Елордамыз. Бұл сонау XVIII ғасырда жоңғарларға қарсы тәуелсіздік үшін күресте қазақтың хас батыры, халықтың ардақтысы болған Бөгенбай батырдың сүйегін Есіл өзені арқылы Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне алып өткен қаралы көштің өткелі. Ел аузында "Қаралы өткел" – "Қараөткел" аталып кетіпті. Міне, бүгін XX ғасырдың алып тұлғасына айналған Әлиханының аңсаған арманы орындалып, "Қараөткел" Елордаға айналды. Ақмола, тіпті кезінде "Хрущевград" болып аталып кете жаздаған осы қала бүгінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанның Астанасы, әлем таныған "Бейбітшілік қаласына" айналып отыр. Бұл – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың көреген саясатының жемісі.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Алаш партиясының көсемдері мен Алашорда үкіметінің белсенділеріне кешірім жасалды, бірақ Ә.Бөкейхан большевиктік өкіметке қызмет етуден бас тартады. 1922 жылдың күзінде Әлекең туған жерінде, Тоқырауын бойында тұтқындалып, Мәскеуге жер аударылады. Ақтоғай көлемінде Әлекеңді көзі көрген санаулы жандардың бірі Алтынбек Бейсенбайұлы өз естелігінде: "Әлекең азаматтардың басын қосып жатыр деген соң Жіңішке өзенінде жайлауда отырған төре ауылына сарым руының біраз жігіттері бас қосып бардық. Ел-жұрт әжептәуір жиналған екен. Әлекең ортада тұрып сөйлеп тұр: «Ағайындар, заман желі басқаша бағытта ескелі тұр. Басындағы еркінен, қолындағы малынан ертең айырылса,

қазақ қырылады. Сондықтан, малды, қарасына масаттанбай, жерге тер төгіп, егін салындар!" – деп айтқаны құлағымда. Араға екі күн салғанда Әлекеңнің артынан қуғыншылар келіп, Қарқаралыға алып кетті. Одан кейін туған жеріне жолы түскен жоқ", – деп әңгімелейді.

Ә.Бөкейханның қайраткерлік тұлғасын кезінде Алаш зиялылары да аса жоғары бағалап, биікке көтерген. Қошқе Кеменгерұлы Ә.Бөкейханға: "Жүрегі бала, иманы таза, шыншыл, сенімшіл, дариядай білімді Әлиханға қара тұрмыстың кіріне былғанып саясат сынына түскенше, пән, ғылым жолына түсіп жоспар көрсету керек еді, себебі ол кеменгер білімімен Еуропаның таңдаулы алдыңғы қатарлы оқымыстыларымен тең түскен ғажайып ғұлама", – деп баға берген. Жерлесіміз Әлімхан Ермеков өз естелігінде: "Қар қалың жауған жылы Тоқырауын өзені Балқашқа құяды. Ал, қар аз жылы Балқашқа жетпей орта жолда қалып, құмға сіңіп кетеді. Сол сияқты біздің ақыл-ойымыз Тоқырауын өзеніндей еді де, Әлихан Балқаш көліндей дария еді," – депті.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігін алып дүниежүзілік адамзат көшіне жеке мемлекет ретінде қосылған бүгінгі күні халқымыздың рухани және патриоттық өмірінде, әсіресе ұлттық тіл мен жер, тәуелсіздікті нәсихаттау, қорғау, сана майданында бітіспес күрес жүргізу әрбір ел азаматына салмақты қызмет атқаруды тапсырады. Ол – Ә.Бөкейхан салған армандардың жолы. Тәуелсіздік, Болашақ, "Мәңгілік ел" – Ә.Бөкейханның армандарынан туған ұғымдар. Бар ғұмырын халқына қызмет ету жолына бағыштаған, бар бақытын содан тапқан табиғаты бөлек, халқымыздың мақтаны, ар-ожданы, намысы болған Әлихан Бөкейханның өмірі болашаққа үлгі.

Гүлсім Жарқынбаева,
Ә.Бөкейхан атындағы ЖББО
мектептің жоғары санатты тарих
пәні мұғалімі.